

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарин



**МУҒАЛІМДЕРДІҢ АКТ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН
БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Әдістемелік ұсынымдар

МЕТОДИКА ОЦЕНКИ ИКТ- КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Мұғалімдердің АКТ-құзыреттіліктерін бағалау әдістемесі. Әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 40 б.

Методика оценки ИКТ-компетентности учителей. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 40 с.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда мұғалімдердің АКТ-құзырлылығын қалыптастыру деңгейі мен құрылымдық бөлімдері сипатталып берілген. Сонымен бірге педагогтардың АКТ-құзырлылығын қалыптастыру деңгейін бағалау мен оны анықтау әдістемесі ұсынылып отыр.

Әдістемелік ұсыным облыстық (аудандық, қалалық) білім басқармаларына, мектеп пен колледж басшыларына арналған.

В данных методических рекомендациях описаны структурные компоненты и уровни сформированности ИКТ-компетентности учителей, предложена методика определения и оценки уровней ИКТ-компетентности учителей.

Методические рекомендации адресованы руководителям областных (районных, городских) управлений образования, директорам школ и колледжей.

© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

Кіріспе	4
1 Мұғалімдердің АКТ-құзыреттіліктері және олардың құрылымдық компоненттерін сипаттау	6
2 Мұғалімдердің АКТ- құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейлерінің сипаттамалары және бағалау критерийлері	16
3 Мұғалімдердің АКТ-құзыреттілік деңгейлер анықтау және бағалау әдістемесі	23
Қорытынды	36
Глоссарий	37
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	38
Қосымша	39

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «... Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» - деп атап көрсетілді.

Мұндағы басты мақсат – білім берудің сапасын жоғарғы деңгейге жеткізу, Қазақстандағы ІТ-саласын дамыту, әлемдік ақпараттандыру кеңістігіне ену және білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту болып табылады.

Қазіргі тарихи кезең үшін аса қажет болған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы еліміздің интеллектуалдық ұлт қалыптастыру идеясымен сабақтасып жатыр. Осы идеяны жүзеге асырудың логикалық құрамдас бөлігінің бірі - электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу. Олай болса, электрондық оқыту жүйесін енгізудің негізгі индикаторы педагогтардың АКТ-құзырлылығын қалыптастыруға негізделеді.

Электрондық оқыту жүйесі педагог мамандардың «өмір бойы білім алу» қағидасының қолжетімділігін арттырумен қатар ауыл мен қала мектептеріндегі педагогтардың білім деңгейлерін теңестіру үшін өздігінен кәсіби шығармашылық траекториясын дамытуына мүмкіндік туғызып, әлемдік кеңістікке шығуына жол ашады.

Электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына сапалы түрде енгізу үшін педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзырлылығын қалыптастыруды бағалау әдістемесін анықтаймыз. Әдістеме ЮНЕСКО стандарты негізінде анықтау қарастырылған. Онда педагогтардың АКТ-құзырлылығы базалық, арнайы және кәсіби деңгейлерге бөліп, бағалау белгілері берілген.

Сонымен бірге педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру үшін Блум таксономиясы негізінде түсіну, үлгі бойынша қолдану және шығармашылық бағытта қолдану деңгейлері қолданылған. АКТ-құзырлылығын бағалау үшін педагогтарға берілетін тапсырмаларды құрастыруға ерекше мән беріледі.

Ақпараттық технология құралдарының динамикалық түрде өзгерісіне байланысты педагогтардың базалық АКТ-құзырлылығын қалыптастыру қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу үшін ең алдымен педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырудың психологиялық мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл мүмкіндік педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын

қалыптастыруды бағалау параметрлерінің бірі болып табылады.

Сонымен бірге, педагогтардың АКТ-құзырлылығын қалыптастыру бойынша диагностикалық материалдар ұсынылған.

1 Мұғалімдердің АКТ-құзыреттіліктері және олардың құрылымдық компоненттерін сипаттау

Оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технология құрылғыларын енгізу және оның мүмкіндіктерін қолдануға талдаулар жүргізу арқылы білім беруді ақпараттандыруды шартты түрде 4 кезеңге бөлуге болады:

- білім беру үдерісін электроникаландыру;
- білім беруді компьютерлендіру;
- білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- білім беру ұйымдарына электрондық оқыту (*e-learning*) жүйесін енгізу.

I-кезең білім беру үдерісін электроникаландырумен сипатталады. Техникалық мамандықтағы студенттерді оқытуға электрондық және есептеуіш техника құрылғыларын енгізу 50-жылдардың аяғы мен 60 жылдардың басында жүргізілсе, ал гуманитарлық мамандықтағы студенттер үшін 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында жүргізілді. Мұнда алгоритмдеу мен программалау негіздерін, алгебра логикасының элементтері мен ЭЕМ-да математикалық модельдеу бөлімдерін оқыту қарастырылды. Аталған кезеңде алгоритмдік ойлау қабілетін дамыту, программалау тілдерін меңгерту және есептегіш-логикалық алгоритмдер арқылы ЭЕМ-да жұмыс жасау дағдыларын игерту сияқты әрекеттер студенттердің білімі мен біліктілігін дамытып, қалыптастыруға игі әсерін тигізді. Ал педагогтардың біліктілігін арттыру саласында информатика мұғалімдерін қайта даярлау мәселелерін қамтумен ғана шектелді.

II-кезең білім беру үдерісін компьютерлендірумен сипатталады. Бұл кезең біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастырумен айқындалды. Сонымен бірге бұл кезеңде педагогтардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру мектептерде орналасқан компьютерлер мен программалық жабдықтарға сәйкес ұйымдастырылды. Педагогтарға мультимедиялық электрондық оқулықтармен жұмыс жасау әдістері бойынша курстар ұйымдастырылып, өткізілді. Білім беру ұйымдарының басшылары үшін автоматтандырылған жұмыс орнын қалай ұйымдастыруға болатындығы және оны құру жолдары түсіндіріліп, мектептерге біртіндеп енгізіле бастады.

III-кезең білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен сипатталады. Бұл кезең педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін ақпараттандырумен байланысты жүргізілді. Педагогтардың ақпараттандыру бойынша біліктілігін арттыру модульдік негізде ұйымдастырылып, сараланып, кезеңдерге бөлу арқылы өткізілді.

IV-кезең 2011 жылдан бастап білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізумен сипатталады. Мұнда білім беру қызметкерлерінің барлық категориялары үшін электрондық оқыту ортасында сандық білім ресурстарымен жұмыс жасау әдістері берілген.

Бұл кезеңдер білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын тиімді қолданудың әдіснамасымен, теориясымен, практикасымен қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік,

физиологиялық-гигиеналық, технологиялық, ғылыми-практикалық түрдегі зерттеулерді кіріктіреді.

Білім беруді ақпараттандыру қоршаған орта мен пәндік салалардың заңдылықтарын танудың кіріктірілген үдерісін ғаламдық коммуникацияның қазіргі ақпараттық қоғам сұранысы мен талаптарына сәйкес жеке тұлғаның барабар дамуына жетелейтін үйретуші мен үйренушінің іс-әрекеттерін автоматтандыру үдерісі ретінде қарастырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде халықтың 20% компьютерлік сауаттылық деңгейін және 20% Интернет қызметін қолдана алуға қол жеткізу мен халықтың күнделікті өмірінде ақпараттық ресурстардың мәнін арттыру көзделіп отыр.

Педагогтардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру бағытында 24 сағаттық оқу-тақырыптық жоспары жасалды. Оқу-тақырыптық жоспарының негізгі идеясы педагогтарды жаппай компьютерлік сауаттылықпен қамтамасыз етуге бағытталды. Ал оның мазмұны *MICROSOFT* офистік бағдарламаларымен жұмыс жасау технологияларына негізделді.

Педагогтардың біліктілігін арттыруда келесі проблемаларды шешу қажеттігін анықтап отырмыз:

- педагогтарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесі арасында байланыстың болмауы;
- педагогтардың әдістемелік даярлығын қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының, программалық және ғылыми-әдістемелік жасақтамалардың жеткіліксіздігі;
- мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану бойынша пән мұғалімдерінің тәжірибесінің болмауы;
- біліктілікті арттыру жүйесінде пән мұғалімдерін АКТ-ны қолдану саласы бойынша даярлайтын дәріскерлердің жеткіліксіздігі;
- АКТ құралдарын қолдануға бағытталған оқу курстарының практикалық түрде жүзеге аспауы;
- АКТ бойынша педагогтардың біліктілігін арттыратын мемлекеттік стандарт пен модульдік бағдарламалардың жасақталмауы және олардың біліктілігінің сапасын айқындайтын мониторингтің болмауы;
- білім беру ұйымдарының барлық деңгейлері үшін педагогтардың АКТ бойынша біліктілігін арттыру жүйесінің болмауы және біртұтас білім порталдарының жасақталмауы мен ақпараттық ортаның құрылмауы.

Аталған проблемаларды шешу үшін білім беруді ақпараттандырудың мемлекеттік саясаты мен ЮНЕСКО көлемінде ақпараттандырудың келесі индикаторлары негізге алынды:

- білім беруді ақпараттандыру үдерісін нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету;
- оқытуды ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуын ескере отырып, білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету;
- оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес ақпараттық-ресурстық базамен қамтамасыз ету;

- педагог мамандардың біліктілігін арттыруда АКТ-ны оқу-тәрбие үдерісіне қолдануға сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Жоғарыдағы айтылған ойларды негізге ала отырып, біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтарды электрондық оқытуға (e-learning) байланысты келесі факторлар анықталды:

- *бірінші фактор* – біліктілікті арттыру жүйесін электрондық оқыту (e-learning) бойынша нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз ету;

- *екінші фактор* – электрондық оқыту (e-learning) бойынша біліктілікті арттыру жүйесін материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету;

- *үшінші фактор* – электрондық оқыту (e-learning) жүйесінің әрбір элементімен жұмыс жасау әдістерін үйрету;

- *төртінші фактор* – электрондық оқыту (e-learning) ортасында педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзырлылықтарын қалыптастыру;

- *бесінші фактор* – педагогтардың қызметін сандық форматқа ауыстыруды қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған факторлар біліктілікті арттыру жүйесін ақпараттандырудың тиімді және тиімсіз жақтарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді ақпараттандыру үдерісі, пәндік салалар мен қоршаған ортаның заңдылықтарын танудың сабақтастылығын ескере отырып, оқушының жеке тұлға ретінде дамуы үшін ақпараттық технология құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану барысында тиімді әдіс-тәсілдерді жасау өте өзекті мәселелердің бірі. Бұл үдеріс оқушының белсенділігі мен пәрменділігінің деңгейін арттырып, балама ойлау, оқу материалдарының, сол сияқты практикалық есептердің де шешімін іздеу стратегиясын жете зерттеу дағдыларын қалыптастыру қабілеттіліктерін дамытады. Зерттеліп отырған нысандарды, құбылыстарды, үдерістер мен олардың арасындағы әрекеттестікті моделдеу негізінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Педагогтардың қызметін электрондық форматқа аудару арқылы шығармашылықпен жұмыс жасауына жол ашады. Білім беруді ақпараттандырудың тиімді жақтары аталған мәселелермен шектеліп қалмайды. Ақпараттық технология құралдарын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану арқылы білім беруді ақпараттандыруды дамытудың тиімді жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру жүйесін ақпараттандырудың тиімді жақтарымен бірге оның тиімсіз жақтары да бар. Атап айтқанда, оқытуды дараландыру, әлеуметтік байланыстардың тежелуі, ойдан әрекетке көшу мәселесі, ақпаратты іздеу мен пайдалануда елеулі еркіндік, әлеуметтік әрекеттестік пен қарым-қатынас практикасының жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы, денсаулыққа зиянды әсері болып табылады. Математика мен гуманитарлық пәндерге АКТ құралдарын жан-жақты қолданудың қажеті жоқ екендігін күнделікті практика дәлелдеп отыр. АКТ құралдарын аталған пәндерде қолдану оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен сөйлеу мәдениетіне тежеу болатындығы шетелдік тәжірибелерден айқындалды. Интернет желісіне ену арқылы оқушылардың

психологиялық және физиологиялық әрекеттеріне зияндық келтіретін ақпараттық ағымдардың бар екендігі анықталды. Сондықтан Интернет желісіндегі ақпараттарды сұрыптап, іріктеу мәселесі туындауда.

Енді педагогтың ақпараттық құзырлылық деңгейін қалыптастыру мен оның өсу траекториясының мүмкіндіктерін кәсіби құзырлылық тұрғысынан қарастырайық. Педагогтың кәсіби құзырлылығы алға қойылған міндеттерді саналы түрде шешуді және құзырлылығы дамыған педагог болып қалыптасудың белгілерін қамтамасыз ететін құрал болып табылады. Кәсіби құзырлылық өзіне теориялық, әдіснамалық, мәдениеттанушылық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, технологиялық дайындықты қамтитын жалпыланған өнімді педагогикалық іс-әрекетке бағытталған жеке тұлғалық білім болып табылады. Құзырлылығы қалыптасқан педагогты дайындауда құзырлылықтың үш түрін ерекшелеп алуға болады: **базалық, арнайы және кәсіби.**

Базалық құзырлылық – бұл өнімді іс-әрекет үшін кез келген маманға қажетті әлеуметтік құзырлылық.

Арнайы құзырлылық – бұл белгілі бір кәсіби сала бойынша қалыптасатын құзырлылық.

Кәсіби құзырлылық – бұл нақты мәселені немесе кәсіби міндеттерді шешуге қажетті нақты педагогикалық әрекетті орындауға арналған құзырлылық.

Аталған түрлерге сәйкес компоненттерді педагогтардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру мен меңгеру деңгейлері ретінде қарастырайық:

- АКТ-ны пайдалануға негізделген адамның ақпараттық іс-әрекетінің жалпыланған түрлері;
- білім беру үдерісінде, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне АКТ құралдарын пайдалану тәсілдері, ақпараттық іс-әрекеттері;
- ақпараттық іс-әрекеттің барлық түрлерін, пәндік әдістемеді АКТ құралдарын пайдалану бойынша мұғалімнің дайындығын қамтамасыз ету.

Ақпараттық құзырлылықтың барлық үш түрін (негізгі, базалық, арнайы) бір мезгілде меңгеру үдерісін ұйымдастыру өте күрделі екендігі зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде келтірілген. Бұл зерттелген ғылыми негіздер педагогтардың біліктілігін арттыру үдерісінде ерекше мәнге ие.

Педагогтың ақпараттық құзырлылығының қалыптасу үдерісін келесі деңгейлер арқылы ерекшелеп алуға болады:

- қарапайым (ақпараттық сауаттылық);
- қызметтік (ақпараттық білімділік);
- жүйелік (ақпараттық қабілеттілік).

Педагогикалық ақпараттарды талдау және оны қорыту мұғалімдердің АКТ-ны пайдалану бойынша ақпараттық сауаттылығын, білімділігін және мұғалімнің ақпараттық қабілеттіліктерін жіктеуге мүмкіндік береді.

Осыған орай, біз педагогтардың АКТ-ны пайдалану қызметінің *қарапайым-бейімделушілік, қызметтік-ізденушілік, жүйелік-шығармашылық* деңгейлерін атаймыз. Әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейді қамтиды және сонымен бірге қызмет тәсілі ретінде АКТ-ны пайдалану дағдылары мен оны

қолдану барысының сапалық өзгерістерімен сипатталады.

Педагогтың АКТ-ны пайдалану қызметіндегі *қарапайым-бейімделушілік* деңгейі жас маманға тән, оның мақсаты АКТ-ға қойылатын талаптарға бейімделу, яғни пернетақтада, түрлі магниттік тасымалдаушыларда (*CD-ROM* дискілері мен иілгіш диск, флеш-карта және т.б.) жеткілікті дәрежеде сенімді жұмыс жасау, компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін білу және оны қолдану арқылы оқыту үдерісін жеделдету, оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқару мақсатында қолданбалы программалық құралдарды пайдалана білу. Бұл деңгей педагогтардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырумен сипатталады.

Функционалдық-ізденушілік деңгейі 2-санаттағы мұғалімдер үшін мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерін мектеп пәндерін оқытуға қолдану және оны жасаудың технологиясын үйренумен шектеледі, басқаша айтқанда, ақпараттық білімділігін қалыптастырумен өрнектеледі.

Жүйелік-шығармашылық деңгей жоғарғы санаттағы мұғалімдер үшін пәндерді тереңдетіп оқытуға негізделген ақпараттық материалдарды және Интернет-технологиямен жұмыс жасауды қамтиды. Бұл деңгей ақпараттық қабілеттілікті дамытумен ерекшеленеді. Егер ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін меңгеру бойынша педагогтардың ақпараттық сауаттылығы, білімділігі мен қабілеттілігі қалыптасса, онда олардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы қалыптасады.

Сонымен, педагогтардың *АКТ-ны пайдалану қызметі* үздіксіз білім беру аясында шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін дамытуға, жеке тұлғаның компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Педагогтардың АКТ қызметін пайдалануы *«ақпараттық сауаттылық»*, *«ақпараттық білімділік»*, *«ақпараттық қабілеттілік»*, *«ақпараттық құзырлылық»* сияқты маңызды санаттардың бірлігі мен сабақтастығына байланысты дамитындығы анық.

Бұдан, АКТ құралдарының динамикалық даму өзгерісіне сәйкес білім беру үдерісінде АКТ-ны пайдалану мәселелері бір деңгейден басқа деңгейге көшу барысында қиындықтар келтіреді деген қорытынды шығады. Ақпараттық және коммуникациялық құзырлылықтардың АКТ құралдары бөліктерімен сабақтастығы келесі құзырлылық тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді: **білім, міндет, іс-әрекет.**

Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық барлық білім беру үдерісінде мына бағыттар арқылы орындалады:

- топтық және жеке консультацияларды ұйымдастыру;
- арнайы күндізгі және қашықтықтан курстар арқылы ұйымдастыру;
- АКТ-құзырлылық деңгейі төмен мұғалімдерді техникалық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің желілік шығармашылық ортасын құру.

Педагогтардың АКТ-ны пайдалану жөніндегі қызметін оның кәсіби біліктілігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуға, қарым-қатынастық әрекеттер жасау қабілеттерін арттыруға, оқу қызметі мәдениетін дамытуға, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерін дамытуға, оның тиімділігі мен сапасын

арттыруға, қазіргі қоғамды ақпараттандыруға байланысты туындаған әлеуметтік тапсырысты орындауға бағытталған қызмет түрі ретінде қарастырамыз.

Олардың мазмұны ретінде келесі қызметтерді алуға болады:

- ынта – мұғалімдерді АКТ құралдарын қолдануға ынталандырады;
- мақсат – мұғалімдерді АКТ құралдарын қолдану барысында сапаға жету жолдарына ықпал етеді;
- іс-әрекет құралдары – мұғалімдерге АКТ құралдарын қолдану қызметін атқаруға игі әсерін тигізеді.

Қызметтің тағы бір қосалқы құрылымы нақты қызметті атқаруға итермелейтін ынта болып табылады. Ынта нақты орындалатын қызмет құрылымына әлі енбеген, яғни әлеуетті және аталған құрылымға сәйкес енген, яғни көкейкесті болуы мүмкін. Қызметтің үшінші құраушысы оны орындау тәсілі. Ол *бір жағынан*, қызмет субъектісінің мақсаттары мен ынтасына сәйкес болса, *екінші жағынан*, оның қызметті орындау үшін қажетті білімнің, дағдылардың болуын көздейді.

Демек, АКТ пайдалану жөніндегі **педагогтың қызметі үш құрамды бөліктен**, атап айтқанда, *мақсат-ынта-іс-әрекет құралынан* тұрады.

АКТ құралдарын оқу-тәрбие үдерісіне пайдалану жөніндегі педагог қызметінің мақсаты:

- мұғалімнің шығармашылық әлеуетін, қарым-қатынастық әрекеттерге қабілетті болуды, сараптамалық-зерттеу қызметі дағдыларын және оқу қызметі мәдениетін дамыту;
- оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерін дамыту, оның тиімділігі мен сапасын арттыру;
- қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болған әлеуметтік тапсырысты орындау.

АКТ-ны оқу үдерісіне пайдалану жөніндегі қызметтің *ынтасы* – типтік дағдыларды бақылау, түзету, басқару, жаттықтыру сияқты педагогикалық қызметтерді жеңілдету болып табылады, АКТ-ны пайдалану қызметінің *құралы* – ұтымды, әрі тиімді пайдалана білудің дидактикалық құралы. Педагогтың АКТ-ны пайдалану жөніндегі қызметі табиғатының, оның мақсаттарының, ынтасының өзінің сапалық өзгеруі оқыту мақсатында дидактикалық құрал ретінде пайдалану дағдысына әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, АКТ-ны пайдаланудың қызметтік бастауын дамыту «мұғалімнің АКТ-ны пайдалану қызметіне дайын болуын» көздейді. Бұл өз кезегінде мазмұны жағынан күрделі болып келетін оқу еңбегінің білімін, еп-дағдыларын, компьютерлік сауатты тұлғаның құндылық бағдарларын, жеке адамның *танымдық, зияткерлік, ұйымдастырушылық, эмоционалдық-жігерлік* қасиеттерін қамтиды.

Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылықтың құрамды бөліктері:

- АКТ арқылы ақпараттарға салыстырмалы талдау жасау арқылы талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдау;
- АКТ құралдарының мүмкіндіктерін және электрондық оқу материалдарын мектеп пәндерін оқытудың сапасын арттыруда қолдану;

- ақпараттарды талдау, жинақтау, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеме жасау және оларды модельдеу барысында АКТ құралдарын қолдана отырып өңдеу;

- педагогтың қызметін АКТ арқылы жоспарлау және оны практика жүзінде іске асыра алу мүмкіндігі.

Біздің ойымызша, педагогтардың **ақпараттық құзырлылығы дегеніміз** - оқу-тәрбие үдерісіне ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті болса, ал **ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық дегеніміз** мектеп пәндерін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін қолдану мен әлемдік-ақпараттық білімдік кеңістікке еркін түрде ену арқылы өздігінен білімдерін жетілдіру қабілеті.

Сонымен қатар ақпараттық технологияларды мектеп пәндерінде сапалы деңгейде қолданып, оқыту және оларды технология әлеміне ендіре отырып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін мұғалімдерді арнайы дайындау қажет. Мұнда мұғалім АКТ құралдарын оқу үдерісіне енгізудің психологиясын жақсы біліп, пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп, ақпараттық технологиялар саласында құзырлылығы қалыптасқан маман болулары тиіс дей келе, олардың меңгеруге тиісті білімдері мен дағдыларын келесі мазмұнда көрсетуге болады:

- оқыту мен тәрбиелеуде компьютердің қолданылу мүмкіндіктерін білу;

- мектеп пәндерін оқытуды ұйымдастыруда компьютерді қолданудың әдістерін меңгеру;

- өткен материалды меңгеру деңгейін бақылау, өзіндік бақылауларын ұйымдастыруда компьютерді қолдана білу білігі;

- оқытудың дәстүрлі және компьютерлік технологияларын тиімді үйлестіре білу білігі;

- шығармашылық іс-әрекеттерін ұйымдастыруда АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдана білу.

Бүгінгі күні педагогтың құзырлылығын қалыптастыру ақпарат ағымымен және әлемдік-ақпараттық білімдік кеңістік арнасынан оқушыға сапалы білім беру мүмкіндігімен түсіндіріледі.

АКТ құралдары мен интерактивтік технологиялар саласынан теориялық білімдер мен практикалық дағдылар педагогтан білімді жаңарту жағдайында шартты түрде *бес* топқа біріктірілетін *кәсіби міндеттерді* шешуді талап етеді. Олар:

- оқу үдерісінің мазмұнын АКТ құралдарының мүмкіндіктерін қолдану арқылы жаңарта білу;

- білім сапасын арттыруда АКТ құралдарының мүмкіндіктерін зерттей білу;

- ақпараттық ортада желілік қарым-қатынас орната білуге дағдылану;

- ақпараттық білім ортасын жасау және оны қолдану;

- кәсіби бағытта өздігінен білім алуды жобалау және оны қолдану.

Педагогтың құзырлылығына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай келе, бүгінгі мектеп пәндері мазмұнының жаңаруы, соған сәйкес білімді

ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылықтарын сапалы деңгейде қалыптастырудың басты шарты ретінде мұғалім *ақпараттық-коммуникациялық құзырлылыққа* ие болу керек деген пікірді ұстануға болады.

Педагогтарда *ақпараттық-коммуникациялық құзырлылықты* қалыптастырудың мақсатқа сәйкестігі оны екі аспектіде қарастыруға мүмкіндік берді:

- *технологиялық тұрғыдан* (АКТ құралдарының түрлері, олардың құрылымы және әрекет ету ұстанымы, олармен негізгі жұмыс істеу тәсілдері, техникалық қызмет көрсету ережелері және т.б.);

- *біліми тұрғыдан* (олардың дидактикалық негізі мен әдістемелік қызметтері, құрылу қағидалары, АКТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі).

Жоғарыда келтірілген түсіндірмелерге сүйене отырып, педагогқа қатысты біз келесі анықтаманы тұжырымдадық: *«Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл жеке тұлғаның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың орасан зор мүмкіндіктерін қолдана отырып, мектеп пәндерін оқыту үдерісінде кәсіби міндеттерді сауатты түрде шешуге қабілеттілігі мен дайындығы».*


Соның негізінде жеке тұлғаның әлеуетінің жоғары деңгейдегі қажеттілігін, әріптестерімен бірлесе отырып, жұмыс жасауы және өзінің жеке мәнділігін сезінуін қамтамасыз ететін тұлғаға-бағдарланған болып келеді.

Сөйтіп, *педагогтың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы* оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыруда және пәнді оқытудың сапасын арттыруда АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдана білуін және пәннің сапалы тұлғалық-бағдарлы парадигмасын жүзеге асыруда өз кәсіби әрекетінде оларды тиімді пайдалана білуді болжайды.

Біліктілікті арттыру жүйесіндегі мұғалімдерді даярлау бағдарламасы елдің даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін және оны жүзеге асыру жолдарын қанағаттандыра алмайды. Елдің экономикалық және әлеуметтік даму мақсаттарына жетуге қажетті мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру ЮНЕСКО стандартының алдына қойылған міндеттерінің бірі. Финляндия мен Корея Египет пен Чилиге қарағанда экономикасы дамыған елдер болып есептелсе, ал Кения мен Боливия Египет пен Чилиге қарағанда экономикасы едәуір төмен елдердің қатарына жатады. Олай болса, аталған елдердегі педагогтардың кәсіби сапасы, оқу бағдарламаларының мазмұны мен бағалау нәтижелері де әртүрлі болып келеді. Даму траекториясының қозғалысы білімді қалыптастыруда педагогтардың сапалық жетістігімен анықталады. Ал техникалық инфрақұрылым жағынан салыстыратын болсақ, онда педагогикалық әдістердің өзгеріс шамасымен ерекшеліктер айқындалады.

Әлеуметтік-экономикалық мақсатта едәуір дамыған елдерде ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаларды орындау талап етіледі. Мұндай стратегия негізіне модель нормасы ұсынылады. Бұл модель қосымша құзырлылықты анықтау үшін қолданылады. Онда реформа бойынша жоспарланған жетістіктер

білім беру жүйесінің компоненттерін толық қамтуы керек. Білім беру саласында болып жатқан өзгерістер әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатына әсер етеді. Осы тәсілмен елдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламасына өзгерістер енгізіледі. Ол 1-суретте берілген. Суретте параметрлерге сәйкес педагогтардың АКТ бойынша құзырлылығын қалыптастыру белгілері келтірілген.



Техникалық сауаттылық	10
Білімді тереңдету	20
Білімді қалыптастыру	30

1-сурет – Педагогтың АКТ бойынша құзырлылығын қалыптастыру белгілері

Бастапқы кезеңде АКТ бойынша педагогтардың құзырлылық нормасы техникалық немесе компьютерлік сауаттылықтарды дамытуда сандық білім ресурстарымен, электрондық оқу құралдарымен, жаттықтыру программаларымен, Интернет желісінің ресурстарымен немесе қарапайым техникалық құралдармен жұмыс жасау дағдылары қарастырылады.

Білімді қалыптастыру амалының негізгі мақсаты мұғалімдер алған білімдерін оқушылардың дамуына және олардың түрлі жаңалықтарды енгізуге, бүкіл өмір бойына алатын біліміне қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Білімді қалыптастыру бойынша педагогтың құзырлылық нормасы мына дағдыларды қалыптастырумен өрнектеледі:

- АКТ-ның мүмкіндіктерін оқу құралдарын жасау мен оны пән сабақтарын тиімді, әрі сапалы өткізуге пайдалану;
- педагогтың білімін қалыптастыру мен сыни ойлау қабілетін дамытуда АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдану;
- педагогтың үздіксіз дамуына АКТ-ның мүмкіндіктерін қолдану арқылы ықпал ету;
- оқытудың үздіксіз және инновациялық қағидаларын негізге ала отырып, мектепте желілік қоғамды құруға АКТ құралдарының мүмкіндіктерін қолдану.

2 мұғалімдердің АКТ- құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейлерінің сипаттамалары және бағалау критерийлері

Электрондық оқытуды білім беру ұйымдарына сапалы түрде енгізу үшін педагогтардың кәсіби дамуын квалиметриялық бағалау жүргізуді талап етеді. Онда педагогтардың электрондық оқыту жүйесін ұтымды қолдана алуы, оны қолдануда кездесетін түрлі қиыншылықтар мен сауалдар және олардың сапалылығын айқындайтын өлшем әдістері мен сапалы түрде бағалау қарастырылады. Нақты бағалау келесі ақпараттармен қамтамасыз етіледі:

- электрондық оқытудың үйрету мен сабақ беру нәтижелеріне әсері;
- білім беру ұйымдарына, педагог қызметкерлерге, біліктілікті арттыру институттарына, басшыларға және т.б. электрондық оқытуды сапалы түрде қолдану жетістіктеріне жетуі, оны қолдануда кездесетін қиыншылықтарды жедел түрде бағалау арқылы шешу немесе олардың электрондық оқыту жүйесін енгізудегі теріс ықпалдарын айқындау сияқты мәліметтер.

Қолданылатын бағалау формалары электрондық оқыту жүйесін сапалы түрде енгізу жетістіктерін анықтауға бағытталған белгілерге тәуелді болады. Киркпатриктің (*Kirkpatrick, 1994*) анықтамасына сәйкес 2-суретте көрсетілгендей бағалаудың төрт деңгейі бар. Әрбір деңгейі келесі деңгеймен сабақтасып отырады.



2-сурет – Бағалаудың төрт деңгейі (*Kirkpatrick*)

Бағалаудың төрт деңгейі:

1-деңгей: Ықпал. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізудің тиімді және тиімсіз жақтарын айқындай отырып, қажеттілігін анықтау арқылы педагогтардың ықпалын бағалау маңызды. Ол әр түрлі әдістермен жүргізілуі мүмкін: онлайн сауалнамалар, интервью, қауымдастықта, форумда топтасып талқылау.

2-деңгей: Үйрену. Педагогтардың білімі мен біліктілігінің даму деңгейін айқындайтын бағалауды жүргізу. Онда тесті қолдану арқылы педагогтар жұмысының нәтижелері мен даму деңгейі айқындалады. Мұндай бағалау

нәтижесі электрондық оқыту жүйесінің ортасында педагогтардың кәсіби даму траекториясын бағалауға ықпал етеді.

3-деңгей: Ақпаратты беру мен қолдану. Егер педагог электрондық оқыту технологиясын оқыту мен тәжірибеде қолдана бастаса, онда педагог тәжірибесінде оң өзгерістер болғандығын білдіреді. Сонымен бірге педагогтың кәсіби дамуына ықпал еткендігін байқауға болады. Техникалық қолдау тұрғысынан алғанда педагог қызметін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Педагогтың кәсіби деңгейіне деген ықпалын оқу-тәрбие үдерісінде электрондық оқытуды қолдану деңгейін бақылау жолымен бағалауға болады.

4-деңгей: Нәтижелер. Егер педагог электрондық оқытуды кәсіби деңгейіне тиімді түрде қолдана алса, онда мұғалімнің сабақты беру деңгейіне оң ықпалын тигізетіндігін бақылауға болады. Бұл үдерісті оқушылардың білім сапасы туралы мәліметтер арқылы бағалауға болады.

Жоғарыда берілген 4 деңгейдің әрқайсысына деректер жинауға болады. Мұндай деректерді педагогтардың біліктілігін арттыру институттарында бағалау құралы ретінде қолдануға болады.

Оқытушылар 1, 2 және 3 деңгейге назар аударуы қажет. Ал 4-деңгей білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізудің тиімділігін айқындауға негізделген зерттеулер жүргізу барысында қолданылады және ол негізгі деңгей ретінде қарастырылады.

Педагогтардың АКТ-құзырлылық деңгейін анықтау барысында ақпараттық білім ортасындағы заманауи құралдарды қолдана білуге дайындығы мен педагогтардың қажеттілігін айқындайтын диагностика, жеке әңгімелесу, білім беру саласында, басқаруда өзекті проблемалар бойынша жеке сұраныстарын, айқындалған сұраныстарын талдап, жүйелеу сияқты мәселелерді қамтитын өтініштерін зерттеу, білім берудегі педагогтардың «алға жылжу» мүмкіндіктерін зерделейтін сауалнамалар жүргізіледі.

Педагогтардың білімі мен қолдану дағдысы олардың қызметтерінде айқын көрінеді. Сондықтан 1 кестеде АКТ-ны қолданудың қызметтік режимін анықтайтын сұрақтар берілген. Мұғалім барлық нәрсені жете білуі міндетті емес, бірақ білімді практикалық тұрғыдан қолдана алуы маңызды.

1 кесте – «Педагог қызметкерлердің АКТ-құзырлылық деңгейі»

№	Мен білемін	Мен жасай аламын
1	2	3
1.	Мәтінді теру	Оқу үдерісіне қажетті электрондық дидактикалық материалдарды енгіземін (сынып, тақырыптар, материал түрлерін)
2.	Мәтінді форматтау	Компьютерлік презентацияларды орындаймын (қандай екендігін көрсету)
3.	Мәтінге суреттер мен кестелер қою	Программаны қолданамын (программа атауы мен сыныбын көрсету)

1-кестенің жалғасы		
1	2	3
4.	Сабаққа дидактикалық материалдарды даярлау	«Портфолио» программасымен жұмыс жасаймын
5.	«Power Point» программасында презентация құру	Ақпарат көздерін Интернеттен қолданамын: – Сабаққа байланысты; – Сыныптан тыс жұмыстар; – Кәсіби дамуға
6.	Үйретуші программалармен жұмыс жасау	Электрондық поштаны қолданамын
7.	«Портфолио» программасымен жұмыс жасау	Оқушылармен бірлесе отырып, компьютерлік жобаны орындаймын (жобаның тақырыбы мен қорғау күнін көрсету)
8.	Интернетте ақпараттарды іздеуді жүзеге асыру	Мектеп сайты үшін материалдарды қоямын (материалдар атауын көрсету)
9.	Электрондық поштаны қолдану	Сандық білім ресурстарын құрамын
10.	Басқа да программа қосымшаларымен жұмыс жасау (қандай программа екендігін көрсету)	Желілік қауымдастыққа қатысамын

Педагогтарға жүргізілген сауалнама мен әңгімелесу нәтижелеріне талдау жасау арқылы педагогтардың 3 топқа жіктелетіндігі анықталды.

1 топ – компьютерде жұмыс жасау деңгейі – нөл, ынтасы жоқ. Мұндай топқа көбіне зейнет жасындағы, не зейнетке шығайын деп жүрген педагогтарды жатқызуға болады. Олардың компьютерде жұмыс жасау деңгейі өте төмен, әрі ынтасы жоқ деп айта аламыз. Бірақ мұндай мұғалімдердің тәжірибесі мол, сонымен бірге, оқытудың дәстүрлі формасын қолдану арқылы ең жоғарғы оқыту сапасына жеткен алтын қордағы педагогтар болып табылады.

Мұндай көрсеткіштерге қарамастан оларды компьютермен жұмыс жасауға мәжбүрлейміз. Педагогтардың АКТ-құзырлылығын арттыруға байланысты келесі педагогикалық міндеттерді шешу қажет:

- дидактикалық материалдарды жасауға кететін уақыттың үнемделуі;
- материалдарды безендіруде презентацияны қолдануға ерекше мәннің берілуі;
- педагогикалық шеберліктің заманауи деңгейіне өтуі.

Электрондық оқыту жүйесінде мұғалімдердің жұмысына талдау жасау барысында құзырлылығы жоғары деңгейге өткен мұғалімдерді де кездестірдік.

2 топ – компьютерде жұмыс жасау деңгейі – базалық, ынтасы – төмен. Технологияның динамикалық түрде өзгерісіне байланысты оны меңгеруге

уақыттың көп жұмсалатындығы оқытудың дәстүрлі формасымен (дәріс, семинар және т.б.) салыстырғанда күнделікті тәжірибе дәлелдеп отыр. Сонымен бірге педагогтардың кітапханада сабақ үдерісіне дайындалуына, қосымша ақпараттар іздеуге уақытты жоғалтуы оқыту сапасына кері әсерін тигізеді. Аталған кемшіліктерді жою үшін педагогтарға дер кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін үйреніп отыру қажет және оларға сәйкес өзгеріп жатқан программалық құралдарды меңгеруі талап етіледі.

3 топ – компьютерде жұмыс жасау деңгейі – базалық, ынтасы – жоғары. Педагогикалық қызмет пен педагогтың АКТ-құзырлылық деңгейі арасындағы өзара байланыстың қажеттілігі олардың ақпараттық мәдениетін үздіксіз дамытып отыруына ықпал етеді.

Аталған топтар пән мұғалімдерінің біліктілігін кезең-кезеңмен ұйымдастыруды қажеттігін айқындап отыр. Біріншіден, педагогтардың **базалық АКТ-құзырлылығын** қалыптастыру, мұнда педагогтардың кәсіби құзырлылығын АКТ негізінде дамыту, қолданушы ретінде жұмыстың түрлі формаларында АКТ құралдарын құрал ретінде қолдану дағдысы қалыптасады. Екіншіден, мұғалімдердің кеңейтілген кәсіби АКТ-құзырлылық деңгейі. Мұнда кез келген педагог өз пәніне саналы, әрі сауатты түрде АКТ құралдарын қолдана алуын қамтамасыз ететін біліктілік қалыптасады. Бұл жағдайда мұғалім АКТ құралдарын жетік меңгерген педагог-консультантқа айналады.

Соңғы кезең педагогтардың тереңдетілген шығармашылық деңгейдегі АКТ-құзырлылығын қалыптастырумен байланысты. Мұнда педагог мектептің білім беру үдерісіне АКТ құралдарын енгізумен және оған байланысты туындайтын проблемаларды коллаборативтік ортада шешумен айналыса алады. Осы бағытта зерттеушілік қызметпен айналысады. Желілік мектепаралық қауымдастықтың инициаторы болып табылады (2-кесте).

2-кесте – Педагогтардың АКТ-құзырлылығын дамыту деңгейінің сипаттамасы

Компонент атаулары	Базалық АКТ-құзырлылық	Арнайы АКТ-құзырлылық	Кәсіби АКТ-құзырлылық
1	2	3	4
Ынталық құндылық (қазіргі мектепте АКТ құралдарын кәсіби түрде қолданумен сипатталады)	мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіби қызметіне қолдану бағытында бейнеленеді.	Өзінің алған білімін әріптестерімен ортақ-тасып, оны әрі қарай дамыту Мектеп пән-дерін тереңдетіп оқы-туда АКТ құралдары мен интерактивтік тақтаның дидактикалық мүмкіндіктерін қолдану және оны жетілдіру	Желілік педагогикалық ортада тәжірибелерін ортаға салып, шығармашылықпен жұмыс жасау

2-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
<p>Кәсіби-іс-әрекеттік (АКТ құралдары мен интерактивтік технологияны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдана білу деңгейімен сипатталады)</p>	<p>АКТ құралдары мен интерактивтік тақтаның дидактикалық мүмкіндіктері н көрнекі құралдарды жасау мен оны оқу үдерісінде әдіс-тәсілдер ретінде қолдану аясын меңгерту, Интернет-технологияны және білім беру порталдарын педагогикалық қызметтеріне қолдану технологиясын игерту</p>	<p>өздігінен қолданбалы программалық құрал-дардың мүмкіндіктерін игеру және оны бағдарлы бағытқа қолдану аясын зерттеп, енгізу әдістерін меңгерту; мектеп пәндерін оқытудың сапасын арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, пән мұғалімдерінің біліктілігін көтеруде қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана білуді меңгерту және тыңдаушылардың курстан кейінгі жұмыстарын орындап, мониторинг жүргізу әдістерін үйрету</p>	<p>Мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерін жасау, байқаудан өткізу, мазмұнына түзетулер енгізу және талдау әдістерін меңгерту, пәндерді оқытуға цифрлық білім ресурстарын енгізу әдістерін үйрету, пән мұғалімдерінің озат педагогикалық тәжірибелерін зерттеп, оны тарату әдістерін меңгерту, желілік әдістемелік көмектер алу технологиясын үйрету. Желілік педагогикалық өзара қарым-қатынас тәсілдерін меңгерту</p>
<p>Рефлексивтік-жобалық (АКТ құралдары мен интерактивтік технологияны қолдану деңгейін бағалау қабілеттілігі мен оны жетілдіруді жобалаумен сипатталады)</p>	<p>АКТ құралдары мен интерактивтік технологияны қаншалықты деңгейде меңгере алатындықтары туралы бағалау, субъективтік көзқарастарын ортаға сала білу.</p>	<p>АКТ құралдары мен интерактивтік тақтаның дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық қызметтеріне қаншалықты деңгейде қолданып жатқандығы туралы өзін-өзі бағалау, АКТ бойынша біліктіліктерін арттырудың өзіндік траекториясын құра білуді меңгерту.</p>	<p>Мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнына эксперттік талдау жүргізіп, бағалай білуді меңгерту Пәндерді бағдарлы бағытта оқытудың мазмұндық құрылымына талдау жүргізіп, онда кездескен мәселе-лерді шешу жолдарын іздестіру дағдыларын меңгерту.</p>

3-кесте – Педагогтың АКТ-ны қолданып, кәсіби міндеттерін жүзеге асыруы

	Иә қолданамын	Кейде қолданамын	Қолданбаймын
АКТ-ны қолданып сабақ жоспарын жасаймын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқушылармен АКТ-ны қолданып сабақ дайындаймын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқыту мақсатында бағдарламаларды таңдаймын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Интернеттен оқу материалдарын іздеймін	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқушының даму мониторингі үшін АКТ қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Сабақ түсіндіруде АКТ тиімді қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Әріптестермен немесе ата-аналармен қарым қатынаста АКТ қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқушыларға көмектесу үшін Интернет-технологияны (мысалы, электронды пошта, форум және т.б.) қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
web-сайт жарамдылығын бағалай аламын, жасаймын және қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>

4-кесте – Күнделікті тәжірибеде сандық білім ресурстарын (СБР) қолдану

	Иә қолданамын	Кейде қолданамын	Қолданбаймын
1	2	3	4
Мәтіндік редактордың көмегімен шығармаларды, сөздерді теремін	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Компьютерлік презентацияны сабақта қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқу тапсырмаларын, мультимедиялық технологияларды, мысалы, бейнефильмдер мен анимацияларды және т.б. қолданамын	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Мектеп оқушыларының оқу тапсырмаларын орындауы үшін желілік құралдарды қолданамын. Мысалы,	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>

4-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
мәселені талқылау үшін интернет-форумдар қолданылады.			
Мектеп оқушылары нәтижелерін көрсету үшін интернет-сайттарын құруға арналған оқу тапсырмалары.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Оқу тапсырмаларын орындау үшін виртуалдық зертханаларды қолдану	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Компьютерлік зертханаларды орындауға арналған оқу тапсырмалары.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Электрондық оқулықтардағы оқу тапсырмаларын орындау.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Арнайы программалық құралдар көмегімен тестілеу.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Графикалық редакторларды қолдануға арналған оқу тапсырмаларын орындау.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Электрондық кестелерді қолдануға арналған оқу тапсырмаларын орындау.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Геоақпарат жүйелерін қолдануға арналған оқу тапсырмаларын орындау.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Сандық тренажерлермен жұмыс.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Сандық аспаптармен жұмыс (сканерлермен, сандық фото және бейнекамералар, микроскоптармен, әуендік пернетақталар тағы сол сияқтылар).	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Ұзақ мерзімді (2-ші аптадан артық) оқу жобаларымен жұмыс	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
Қысқа мерзімді оқу жобаларымен жұмыс.	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>

3 Мұғалімдердің акт-құзыреттілік деңгейлерін анықтау және бағалау әдістемесі

Алғашқы факторлардың корреляциялық коэффициенттерінің матрицасы, ең жоғарғы шындыққа ұқсастығының әдісімен 39 есептелген айнымалыны қарап шығамыз.

5-кесте – Мұғалімдердің АКТ-құзырлылығын анықтау және олардың деңгейін бағалау әдістемесі

Фактор	Саны
1	2
Фактор № 1	
1. Сіздің мектебіңізде оқушылардың шығармашылық тапсырмаларын электрондық формада жасайтын тапсырмалар саны (шамамен алғандағы пәндер саны)	
2. Сіздің мектебіңізде оқушылардың оқу тапсырмаларын электрондық формада жасайтын тапсырмалар саны (шамамен алғандағы пәндер саны)	
3. Сіздің мектепте қандай сандық оқу материалдарын қолданады?	
4. Мұғалімнің Интернет арқылы сандық оқу материалдарын таба алуы	
5. Сіздің мектебіңіздегі оқу жобалары ...	
6. Мектеп құжаттарының электрондық түрде сақталуы қандай деңгейде және оған қолжетімділік бар ма?	
7. АКТ-ны қолдану міндеттері әкімшілік деңгейінде талқыланған ба?	
8. Электрондық пошта арқылы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы байланыс деңгейі қандай?	
9. Оқу пәндері мен информатиканың байланысы мектебіңізде бар ма?	
10. Информатика мұғалімдерінен басқа АКТ-маманы бар ма?	
11. АКТ-ны қолдану қорытындылары шығарылып отыра ма?	
12. Сіздің мектебіңіздегі құжаттар компьютер арқылы дайындала ма?	
13. Сіздің мектебіңізде программалық қамтамасыз етудің желілік орталықтандырылған файлдық архивтері қолданыла ма?	
Фактор № 2	
14. Жалпы мұғалімдердің саны мен компьютер санының қатынасы.	
15. Бір компьютерге келетін мұғалімнің саны.	
16. Оқушылардың санына келетін графиктік құрылымдар санының қатынасы	
17. Оқушылардың санына қолжетімділік компьютерлер санының қатынасы.	

5-кестесің жалғасы	
18. Компьютер сыныптарын қоса есептегендегі компьютерлері бар кабинеттер үлесі.	
19. Оқушылардың санына қолжетімділік бейнеқұралдар санының қатынасы.	
Фактор № 3	
20. Мектеп мұғалімдерінің АКТ- сауаттылығының үлесі.	
21. Мектептегі мұғалімдердің Интернетті қолдануы.	
22. Мектептегі оқушылардың Интернетті қолдануы.	
23. Мектебіңіздегі форумдар және телеконференциялар.	
24. Интернетке қосылу жылдамдығы.	
25. АКТ арқылы мұғалімнің жасаған демонстрациялық материалдары кеңінен қолданыла ма?	
26. Компьютер оқу аспаптарының бар болуы: станок, зертханалар және тағы басқалар.	
27. Пәндер бойынша қосымша және факультативтік жұмыс үшін арнайы программалық қамтамасыз ету (информатикадан басқа) деңгейі.	
28. Сіздің мектепте пәндер бойынша (информатикадан басқа) негізгі оқу жұмысы үшін программалық қамтамасыз етудің деңгейі.	
29. Бір әкімшілікке келетін компьютердің саны.	
30. Виртуалды конструкторлар, компьютер орталарын, тестік жұмыстарды сабақтан тыс уақытқа сіздің мектебіңіздің мұғалімдері қолдана ма?	
31. Деректер қорынан электрондық түрдегі оқу материалдарын оқушылар мен мұғалімдердің қолдану үлесі.	
32. Ұстаздардың жұмысын техникалық тұрғыда қолдау, жабдық және программалық қамтамасыз ету сіздің мектебіңізде қай деңгейде ұйымдастырылған?	
33. Мектепте компьютер желісіне қосылған компьютерлер үлесі.	
34. Пәндер бойынша оқу жоспарларына АКТ-ны тиімді қолдану тәсілдері талданып, енгізілген бе?	
Фактор № 4	
35. Бір оқушыға тиісті компьютерлердің саны.	
36. Оқушылардың санына аудиокұралдар санының қатынасы.	
Фактор № 5	
37. Ақпараттандыруға жауапты маман сіздің мектебіңізде бар ма?	
Фактор № 6	
38. Сіздің мектепте сандық оқу материалдарын игерген мұғалімдер және оқушылар саны.	
39. Программалық қамтамасыз етудің орталықтандырылған архивтері сіздің мектебіңізде қолданыла ма?	

Фактор №1. Бұл фактор мектептің техникалық базасын құрайтын ақпараттық-технологиялық ортасын сипаттайтын барлық айнымалыны жинақтады. Мұндай № 4, 5, 6, 7, 39 айнымалылар мектеп бойынша аппаратты құралдардың құрамын, санын және үлесін сипаттайды. Осы факторға сәйкес ең үлкен жүктемені мұғалімдер және оқушылар үшін компьютерлердің ашықтығының деңгейлерін суреттейтін № 1-3 айнымалы құрады. Бұл фактордың жоғарғы мәні компьютерлер, бейне және аудиокешендер ғана емес, өздерінің осы құралдарды еркін түрде қолдана алуы байқалады.

№ 1-ші фактор (аппаратты құралдардың ашықтығы) мектептің ақпараттық-технологиялық ортасының аппаратты құралдарының ашықтығын сипаттайды.

Фактор № 2. Бұл фактордың негізгі мазмұны оқу барысындағы СБР және АКТ-ны қолдануының институцияланған үдерістерін сипаттайтын айнымалы тапсырманы береді. Бұл туралы (орталықтандырылған деректер қорынан сандық білім беру қорларын қолдану) № 8 айнымалы (мектеп құжаттарының электрондық нұсқаларын сақтау және оған қолжетімділік берілу тәртібі) айтады, №10, №11 және 13 (программалық қамтамасыз етуді қолдану орталықтандырылған және торлық орталықтандырылған архивтері және сандық білім беру қорлары). Бұған белгілі № 12 және 14 айнымалы (ұйымдық құрылымды жасау ақпараттандыру үдерісінің дамуы және техникалық тұрғыдан қолдау қамтамасыз ететін) сәйкес болады.

№ 2-ші факторымен келесі айнымалылар байланысты:

- мектептегі оқу жобаларының болуы (№ 9);
- ұжымның материалдарды қолдануына программалық қолдау көрсету (№ 15) пайыздық үлесі;
- сандық білім беру ресурстарын (№ 16) әр түрлі пәндер бойынша пайдалану үлесі;
- мұғалімдердің (№ 26) Интернет арқылы материалдарды алып, қолдануы туралы;
- құжаттарды компьютер арқылы әзірлеу (№ 32);
- форумдар және (№ 31) телеконференциялардың өткізілуі;
- (№ 17) мектептегі компьютер желісіне қосылған компьютерлер үлесі;

№ 2-ші фактордағы айнымалы оқу барысында АКТ-ны жүйелі түрде қолдану ондағы сапалы өзгерістердің пайда болуын көрсетеді.

№3-ші фактор. Бұл Интернетті қолдануын сипаттайтын № 18—20-ші айнымалы. Оқу барысында Интернетті қолдану оқушылардың АКТ-белсенділігін көрсетіп, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

№ 4-ші фактор (№16, 22-27) айнымалылар сандық білім ресурстарын қолдану мүмкіндіктерін сипаттайды.

№ 5-ші фактор. Мектепте АКТ мамандарының үлесін сипаттайды.

«Өрлеу ҰБАО» АҚ электрондық оқыту жүйесі бойынша сертификатталған тренерлердің біліктілікті арттыру курстарын өткізу барысында шығыс сауалнама жүргізілген (6-кесте).

Сауалнаманы жүргізудің қорытындысы бойынша қатысушылардың 68%-79% пән бойынша оқу үдерісіне электрондық оқытуды енгізудің қажеттілігін

айтса, екіншілері курстың мазмұнының өзектілігін 70,2% - 83% атап көрсетсе, үшіншілері өздерінің кәсіби қызметтерінде 67% - 79,2% қолдану маңыздылығын түсінетіндерін көрсетті.

6-кесте – Сауалнама «Электронды оқыту (*e-learning*) жүйесін енгізуді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету» тақырыбында курс нәтижесінің потенциалының құзырлылығын бағалау (шығыс диагностика)

Оқыту нәтижесін бағалау	Нәтиженің құндылығы және мәні	Қаншалықты бүгінге нәтиже қалыптасады	Нәтижені қалыптастыруға мұғалім қаншалықты дайын
	(0-9 балл)		
1	2	3	4
1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі ережелерін білуі	7,8	7,1	6,6
2. Оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесін технологияландыру және автоматтандыруды енгізу технологиясын білуі	7,2	6,6	6,3
3. Жеке электрондық білімдік әдістемелерді құрудың мәні	7,4	6,7	6,6
4. Электрондық құжаттар алмасу технологияларын қолдану білімі және дағдысы	7,2	6,9	6,7
5. Оқу-тәрбие үдерісінде қашықтан оқыту әдістемесін сауатты және рациональды түрде қабілетті қолдануы	7,3	6,7	6,7
6. Оқу-тәрбие үдерісінде интерактивтік технологияларды қолдану дағдысы	7,3	6,8	6,6
7. Пән бойынша қашықтан оқыту курсының мазмұнын және құрылымын тәжірибедегі білуіңіз және дағдыңыз	7,7	7,1	7,4
8. Білім беру ұйымдарында электрондық журналды қолданудың маңызы	7,0	7,3	6,8

6-кестенің жалғасы									
1	2			3			4		
